

## Жер учаскелеріне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Жітіқара ауданы әкімдігінің 2026 жылғы 9 сәуірдегі № 94 қаулысы  
Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 69-бабы 4-тармағының 2) тармақшасына  
сәйкес Жітіқара ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Денисов ауданы әкімдігінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесіне "Қостанай облысы Денисов ауданының Глебов ауылын сумен жабдықтаудың тарату желілерін салу" объектісіне су тартқышты төсеу және пайдалану мақсатында Жітіқара ауданының аумағында орналасқан алаңы 0,828 гектар және 2,052 гектар жер учаскелеріне 48 жыл мерзіміне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Жітіқара ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі  
Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыға қол қойылған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қостанай облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы қаулыны ресми жариялағаннан кейін оның Қостанай облысы Жітіқара ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Жітіқара ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жітіқара ауданының Әкімі*

*А. Жаныспаев*